Г. Қайырғалиева
А.М. Зайнов
М.Қ. Әбдіғалиев

https://doi.org/10.52967/3007-6528.2023.1.306.312

Гүлфайруз Қайырғалиева[1], g.kairgalieva@asu.edu.kz,
Амангелді Мугауұлы Зайнов[1], amang84@mail.ru,
Мир Қобланұлы Әбдіғалиев[2], mir_abdigalyev@mail.ru
[1]Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ,
Атырау қ, Қазақстан;
[2]Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы,
Атырау қ, Қазақстан

Ортағасырлық Сарайшық қаласында 2022 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының алдын-ала нәтижелері

Мақалада 2022 жылы ортағасырлық Сарайшық қаласында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелері қамтылған. Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде ортағасырлық қаланың тұрғын жай кешендерінің құландылары мен қабырғаларының қалдықтары, ташнаулар мен кандар, көп мөлшерде күміс және мыс тиындар, керамикалық ыдыстар мен заттардың сынықтары, фрагменттері, сүйектен жасалған бұйымдар табылды. Сонымен қатар мал және балық сүйектері, басқада тұрмыстық қалдықтар анықталды. Қазба жұмыстарының үлкен нәтижесі ретінде күміс тиындар көмбесі мен мейлінше жақсы сақталған канның табылғандығын атап өтуге болады.

Түйін сөздер: ортағасыр, Алтын Орда, Ноғай Ордасы, Сарайшық, қазба, тиын, кан, ташнау

Гулфайруз Кайргалиева[1],
Амангельди Мугауович Зайнов[1],
Мир Кобланович Абдигалиев[2]
[1]НАО Атырауский университет им. Х. Досмухамедова,
г. Атырау, Казахстан
[2]Центр исследования историко-культурного наследия Атырауской области,
г. Атырау, Казахстан

Предварительные результаты археологических раскопок проведенных в 2022 году в средневековом городище Сарайчик

Статья содержит результаты археологических раскопок, проведенных на средневековом городище Сарайчик в 2022 году. В результате археологических исследований были обнаружены остатки конструкций стен жилых комплексов средневекового городища, ташнау и каны, большое количество серебряных и медных монет, фрагменты керамической посуды, изделия из кости. Собрана палеозоологическая коллекция – кости скота и рыбы. Наиболее интерсными находками являются клад серебряных монет и хорошо сохранившийся кан.

Ключевые слова: средневековье, Золотая Орда, Ногайская Орда, Сарайчик, раскопка, монета, кан, ташнау

© 2023 ж. Кайрғалиева Г., Зайнов А.М., Әбдіғалиев М.Қ.

Gulfairuz Kairgalieva[1],
Amangeldi Zainov[1],
Mir Abdigaliev [2]
[1]NAO Atyrau University named after Dosmukhamedov, Atyrau, Kazakhstan;
[2]Historical and Cultural Heritage Research Center of Atyrau region, Atyrau, Kazakhstan

Preliminary results of archaeological excavations conducted in 2022 in the medieval settlement of Saraychik

The article contains the results of archaeological excavations conducted in the medieval settlement of Saraychik in 2022. As a result of archaeological excavations, the remains of ruins and walls of residential complexes of the medieval settlement, Tashnau and Kana, a large number of silver and copper coins, fragments of ceramic dishes and objects, fragments of bone products were found. Cattle and fish bones and other household waste were also found. As a result of the excavations, it is possible to note the discovery of a treasure trove of silver coins and the best preserved kan.

Keywords: Middle Ages, Golden Horde, Nogai Horde, Saraychik, excavation, coin, kan, tashnau

Сарайшық қаласында 2022 жылы 15 маусым – 15 шілде аралығында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарын Атырау облысы Мәдениет, тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы, Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының мемлекеттік тапсырысы бойынша Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті жүзеге асырды. Археологиялық қазба және кабинеттік жұмыстарға т.ғ.к. Г. Қайырғалиева, т.ғ.к. М.С. Қасенов, тарих магистрі А.М. Зайнов, ғылыми қызметкерлер М.Қ. Әбдіғалиев, А. Каримов, Ғ. Базарғалиев қатысты. Қазба барысында анықталған тиындарға т.ғ.к. П.Н. Петров апробациялық жұмыстар жүргізді. Жалпы көлемі 600 кв.м. территорияға археологиялық қазба салынды.

Қазба жұмыстары жүргізілген аумақ ортағасырлық Сарайшық қаласының үстіне XIX–XXI ғғ. тұрғызылған қорымнан солтүстік-батысқа қарай 30 м жерде, Жайық өзенінің оңтүстік-шығыс жағалауында орналасқан. Таңдап алынған территория осы уақытқа дейінгі археологиялық қазба жұмыстарының нәтижелерін негізге ала отырып, 2017 ж. археолог М. Қасеновтың жетекшілігімен жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары орнынан оңтүстік-батыс бағытына қарай жалғастырылды [Плахов и др. 2021]. Археологиялық қазба жүргізілген аумақты таңдап алудағы негізгі мақсат тұрғын жай кешендерін, заттай деректерді және қала цитаделі қақпасының құландысын анықтау болатын. Қазба жұмыстары жүргізілген аумақтың жалпы көлемі 600 м² немесе 40×15 м құрайды, секторларға бөлініп қазылды, барлық секторлардың көлемі 4,5×4,5 м. Секторлар СШ бұрышынан бастау алып, үш қатардан тізбектеле саналады (1-сур.).

№ 1 секторды тазарту барысында 30 см тереңдіктен бастап 70 см-ге дейін күл қабаты және әртүрлі керамикалық ыдыс фрагменттері, моншақтар, қайрақ тас, ірі малдың сүйектері кездесті және өте нашар сақталған 3 қола тиын анықталды. Сектор 70 см топырақтан және күл қалдығынан тазартылған соң оңтүстік шығыс бөлігінен күйдірілген кірпіш тастар құландысы тазартылды. Солтүстік-батыс кесінді қабат жапсарынан, 70 см тереңдіктен ұзындығы 90 см, биіктігі 30 см күйдірілген кірпіштен қаланған нысанның құландысы анықталды. Нысан 2 сектордан жалғасып келе жатқан канның бөлігіне сәйкес келеді.

№ 2 секторды аршу барысында солтүстік-батыс кесінді қабаттың ортаңғы тұсы жапсарынан, 30 см тереңдіктен күйдірілген кірпіштен қаланған ошақ қалдығы анықталды. Ошақ солтүстік секторынан анықталған канның ізіне сәйкес келеді. Диаметрі 90 см. солтүстік-шығыс кесінді қабат тұсы көп мөлшерде күл және қождан тазартылды. № 2 сектор 40 см тереңдікте тазалағаннан соң бөлме қабырғаларының ізі анықталды. Бөлме қабырғалары № 5 сектордағы бөлме қабырғаларымен жалғасқандықтан нәтижеге жету мақсатында № 2–5 секторлардағы археологиялық қазба жұмыстары бірге жүргізілді (2-сур.).

№ 5 секторды топырақтан тазалау нәтижесінде 30 см тереңдіктен, ортасынан күйдірілген кірпіштен қаланған бір арналы канның қалдығы анықталды. Жақсы сақталып қалған кірпіштерінің көлемі 30х30 см, қызыл, сарғыш түстес. Шамасы ортағасырлық Сарайшық қаласының нысандарының кірпіштерін



1-сур. Қазба орнының жалпы көрінісі
Fig. 1. General view of the excavation trench
Рис. 1. Общий вид раскопа

пайдалана отырып кейін салынған болса керек. Осы тереңдіктен оңтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс кесінді қабаттарын арасын бойлай созылған үш арналы канның ізі анықталды. Сектордан анықталған кан қалдықтарын фиксациялап, одан әрі жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде 40 см тереңдіктен бастап бөлме қабырғаларының іздері айқындалды. Бөлме қабырғалары № 2 сектордан анықталған бөлме қабырғаларымен қабаттасады.

№ 2 секторда жалғастырылған қазба жұмыстарының нәтижесінде көлемі 180×130 см, солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бағытында созылған бөлме тазартылды. Бөлменің солтүстік, шығыс, батыс қабырғалары шикі кірпіштен, оңтүстік қабырғасы еденнен 4 қатар күйдірілген кірпіштен қаланған. Бөлме қабырғаларының қалыңдығы 50 см. Күйдірілген кірпіштен қаланған қабырғасының сыртқы беті топырақпен толтырылған. Шамасы бөлменің сыртқа шығар есігі болуы мүмкін. Бөлменің солтүстік-шығыс бұрышынан ташнау анықталды. Ташнауға хум ыдысын пайдаланған. Хумның сынған бөліктері ішінен және жанынан анықталды. Хумның түбі су кету үшін арнайы ойылған [Зиливинская 2022: 111–119]. Тәжірибе ретінде 20 литрден көп су құйғанымызда кедергісіз кетіп жатты. Бөлменің оңтүстік-батыс бөлігінен еден деңгейінен керамикалық ыдыс анықталды. Ыдыс қатты бүлінген және бірнеше фрагменттерге бөлініп кеткен, өте нашар сақталған.

Бөлменің солтүстік және шығыс қабырғасын сыртынан бойлай созылған кан табылды. Солтүстік қабырғасының сыртымен жанасып салынған екі арналы кан жақсы сақталған.

№ 5 секторында анықталған бөлмені аршу үшін № 2 секторымен ортадағы кесінді қабат толығымен алынды. № 5 секторды тазалау барысында 20 см тереңдіктен керамикалық ыдыстардың сынықтары, екі қыш қаптауыш табылды. Алғашқыда тұрмыстық негізде жасалған керамикалық ыдыстар тозығы жеткесін мұржа ретінде пайдаланылған болса керек, себебі, бір-бірімен ыңғайластырып кигізілген және сырттары таза да, ішкі беттерінде қалың күйе қалдығы қалған.

Бөлме толық аршылғаннан кейін көлемі 370×215 см ауқымында анықталды. Солтүстік-шығыс және оңтүстік-батыс бағытында созылған.



2-сур. Тұрғын жай орны
Fig. 2. Place of a dwelling
Рис. 2. Место жилища

Қабырғалары шикі кірпіштен қаланған. Қалыңдығы 45 см. Бөлменің шығар есігі солтүстік-батыс қабырғасының бұрышында. Солтүстік-батыс қабырғасының еден түбінен кәріз жүйесі ретінде жасалған керамикалық бұйымның бөлігі, ядро және қыштан жасалған түбек анықталды. Бөлменің еденінен 3 күміс тиын табылды. Тиындар XIV ғ. екінші жартысына сәйкес келеді.

№ 2–5 секторлардан айқындалған бөлмелер қабырғалары қабаттаса қаланғанымен бір-бірімен байланыспайды.

№ 3 сектордағы қазба жұмыстары нәтижесінде солтүстік-шығыс кесінді қабаттан оңтүстік-батыс кесінді қабатына дейін созылған нашар сақталған қабырға анықталды. Қабырға қазбаның төменгі деңгейінен 10 см, оңтүстік-батыс бөлігінде 15 биіктікті құрайды. Қабырға шикі кірпіштен қаланған. 2017 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде анықталған қабырғаның жалғасына сәйкес келеді. Қабарғадан сектордың солтүстік-батыс кесінді қабатына қарай бағытталып қатарласа созылған күйдірілген кірпіштер табылды. Белгілі-бір объектінің қалдығы болса керек. Сонымен қатар қабырғаның ортасынан шығыс-оңтүстік кесінді қабатта қарай созылған канның ізі анықталды. Өте нашар сақталған. Кан шығыс-оңтүстік кесінді қабатпен № 2 сектордан анықталған ошақпен жалғасады. Сектордағы қазба жұмыстарының нәтижесінде ортағасырға тән керамикалық ыдыстардың фрагменттері, 5 мыс тиын табылды.

№ 4 сектордағы археологиялық қазба жұмыстардың барысында 30 – 60 см аралығындағы тереңдіктен үйілген күл және жануарлардың сүйектері керемикалық ыдыс фрагменттері табылды. Сектордың оңтүстік-батыс және солтүстік-батыс кесінді қабатының бұрышы, 40 см тереңдіктен күйдірілген кірпіштен қаланған ошақтың қалдығы анықталды. Сақталып қалған бөлігінің биіктігі 30 см. Диаметрі 90 см. Ошақты фиксациялап секторды одан әрі тазату барысында 70 см тереңдіктен ташнаудың орны айқындалды. Ташнаудың едені ғана сақталған, едені күйдірілген кірпіштен төселген. Еденінің ортасында су кететін ойық жасалған. Сектордың оңтүстік-батыс

кесінді қабатының батыс бұрышындағы күйдірілген кірпіштерді тазалау үшін кесінді қабатты топырақтан аршығаннан қабырғаның қалдығы анықталды. Күйдірілген кірпіштен қаланған бұл қабырғаның қалдығы ташнаумен байланыспайды, екі кезеңде салынған нысандар болса керек [Галкин, Касенов, Афанасьев 2013: 98–99].

№ 6 сектордағы қазба негізінде беткі 50 см тереңдік көліміне дейінгі аумақта, күйген ағаш, екі дана қайрақ тас, қамыс және күл қабаты анықталды. 50 см мәдени қабаттан түскен соң 60 см тереңдіктен сектордың оңтүстік – батыс кесінді қабатынан солтүстік бағытта қарай 55,6 см шикі саманнан қаланған қабырға және қабырғаны бойлай солтүстік бағытқа 3,4 см қабырға құландысы анықталды. Сектордың солтүстік және батыс бөлігінен жеті мыс тиын және сүйектен жасалған тоқыма құралының жиынтығы анықталды.

№ 7 сектордағы қазба барысында 60 см тереңдікке дейін күл, өртенген ағаш қалдықтары, малдың сүйек қалдықтары анықталды, 60 см тереңдікте № 4 секторға жалғасқан «кан» жылу жүйесінің бөліктері анықталды. 85 см деңгейінде Сектордың оңтүстік шығыс бөлігінен адамның бас сүйегі табылды, басқа сүйек қалдықтары анықталған жоқ. Секторды 1,5 м деңгейінде тазарту барысында ешқандай құрылыс орындары анықталмады, одан төменгі деңгейде солтүстік-шығыс кесінді қазбаның орталық бөлігінен бастау алып оңтүстік батыс кесінді қазбасына жалғасқан, ені 60 см болатын, шикі кірпіштен қаланған қабырға орны айқындалды.

№ 8 секторда жүргізілген қазба жұмыстары нәтижесінде 80 см дейінгі аралық күл араласқан топырақтан тазартылды, бұл мәдени қабатты тазалау жұмыстары барысында сектордың әр бөлігінен мыс тиындар және ірі малдың сүйектерімен қоса керамикалық ыдыстардың сынықтары кездесті және көк сырлы ваза табылды. Секторды толықтай 1 м көлемінде тазалау негізінде, орталық бөлігінен ұзындығы 1 ені 50 см болатын күйдірілген қызыл кірпіштен қаланған «кан» жылу жүйесінің орны және сектордың оңтүстік батыс бөлігінен 70×60 см болатын шикі саман кірпіштен қаланған қабырғаның құландысы анықталды.

№ 9 сектордан 40 см тереңдікке дейін артефактілер, белгілі-бір құрылыс іздері немесе тұрмыстық қалдықтар кездеспеді, 40 см деңгейден төмен, солтүстік-шығыс кесінді қазба және шығыс-кесінді қазбасының бұрышынан көлемі 1,3×1,6 суфа және 20 см төмен суфадан оңтүстік-батысқа қарай ені 65 см ұзындығы 2,2 м болатын, шикі кірпіштен қаланған қабырға орны анықталды, сақталып қалған жалпы биіктігі 40 см. Оңтүстік-шығыс кесінді қазбасы және оңтүстік-батыс кесінді қазбаларының қиылысу бұрыштамасында, екі каналды кан жылу жүйесі, және солтүстікте 20 см жерде, ошақ орналасқан. Сектордың түбінен сфероконустың бөлігі, қыштан жасалған батырғылар табылды.

№ 10 сектордан ортағасырлық керамикалық ыдыстардың ұсақ фрагменттері, сүйек біз, қылыштың гардасы, күлдің орындары анықталды. Сектордың ОБ бөлігінен суфаның орны анықталды. Суфаның СБ жағынан канның орны аршылды. Ол сектордың орталық бөлігінде ошаққа жалғасады. Анықталған суфа, кан және ошақ өте нашар сақталған. Сектордың қалған бөлігінен көп мөлшердегі күлдің орны байқалады.

№ 11 сектордағы қазба барысында сектордан ортағасырлық қыш ыдыстардың фрагменттері, малдың және балықтың сүйек қалдықтары кездесіп отырды. Сектордың СБ бөлігінен қала тұрғынжайының құландысы анықталды. Құланды 90 см тереңдіктен айқындала бастады. Қабырғалары сақталмаған.

№ 12 сектордағы қазба жұмыстары барысында 40 см тереңдікке дейін беткі қабатты алу жұмыстары негізінде, күйген ағаш бөліктері және қазіргі тұрмыстық қоқыс қалдықтары анықталды. 1 метрге дейінгі тереңдіктегі археологиялық қазба жұмыстары барысында сектордың орталық бөлігінен 10-ға жуық күміс тиындар табылды. Күміс тиындардың айналасын тазарту барысында астынғы бөлігінен диаметрі 0,90×1,3 см болатын бос кеңістік анықталды. Кеңістікті тазарту кезінде 80 см төменгі бөлігінен күміс тиындар көмбесі табылып, тиындарды тазалау негізінде Алтын Орда дәуіріне тән тиындар екендігі белгілі болды. Солтүстік–батыс кесінді қазбадан шығысқа қарай 1 м де 60×40 см күйдірілген кірпіштен салынған тандыр орны табылды. Солтүстік-шығыс кесінді қазбадан батысқа қарай 1 м аумақтан шикі саман кірпіш құландысы орналасқан. Оңтүстік-Шығыс кесінді қазабасының орта тұсы, 190 см тереңдіктен баланың қаңқа сүйегі табылды. Қаңқа сүйектің басы оңтүстікке бағытталып, сол жағына қырын орналасқан. Ұзындығы 70 см. Нашар сақталған. Сүйекті және айналасын тазалау барысында көп мөлшерде күлдің қалдығы айқындалды. Оңтүстік-батыс кесінді қазбасы және солтүстік-шығыс кесінді қазбасының қиылысу бұрыштамасынан ені 50 см, оңтүстікке қарай бағытталған шикі кірпіштен қаланған қабырға орналасқан. Қабырғаның оң бөлігінде кан және суфа орны табылды.

№ 13 сектордың солтүстік-шығыс кесінді қазбасы және оңтүстік-шығыс кесінді қазбаның



3-сур. Кан
Fig. 3. Furnace
Рис. 3. Кан

қиылысында 85 см тереңдік дейгейінде 50×60 м² аумақтан күл-қоқыстың орны табылып, тазалау жұмыстары негізінде жануар сүйектерімен қоса тұрмыстық заттардың қалдықтары анықталды. Тереңдігі 90 см деңгейінде солтүстік-батыс кесінді қабатты жағалай ені 40 см, биіктігі 35 см, жалпы ұзындығы 2,42 м болатын бір арналы жылу жүйесі (кан) табылды (3-сур.). Күйдірілген кірпіштен қаланған, ошағының диаметрі 65×75 см [Сагидуллаев 2022: 170]. Кан солтүстік-шығыс кесінді қазба астына жалғасады. Жылу жүйесін тазарту барысында айналасынан көп мөлшерде балық сүйегінің қалдығы және 6 қола тиын және қола айнаның сынығы табылды.

Археологиялық қазба жұмыстары жүргізілген басқа секторлар 2 м дейінгі тереңдікке дейін тазартылды. Негізінен ортағасырлық Сарайшық қаласынан жиі кездесетін керамикалық ыдыстардың фрагменттері мен сынықтары, мыс, күміс тиындар, малдың, балықтың сүйектері, көп мөлшерде тұрмыстық қалдықтар, күлдің орны және қала құрылысының нысандарының өте нашар сақталған қабырға қалдықтары, іздері анықталды.

Археологиялық қазба жұмыстарының нәтижесінде белгіленген территориядағы Сарайшық қаласының мәдени қабаты және топографиялық құрылымы анықтала отырып сипаттамасы жасалды. Цитадел немесе қала қамалының орны анықталған жоқ. Археологиялық қазба жұмыстары барысында ашылған территорияға консервациялық жұмыстар жүргізіліп, табылған материалдық заттар Атырау облысы Тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы мекемесіне табысталды.

ӘДЕБИЕТ

Галкин Л.Л., Касенов М.С., Афанасьев В.К. Средневековое городище Актобе-Лаэти (XIII–XV ғғ.). Атырау: АГУ им. Х.Досмухамедова. 2013. 98–99 с.

Зиливинская Э.Д. Благоустройство и санитария в золотоордынских городах // Археология Евразийских степей 2022. №3. С. 111–119.

Плахов В.В., Калменов М.Д., Абдигалиев М.К. Некоторые результаты археологического исследования на городище Сарайшык в 2019 году // Маргулановские чтения–2021. Алматы: Институт археологии им. А.Х. Маргулана, 2021. Т. 2. С. 108–119.

Сагидуллаев Д.З. Золотоордынские поселения Северо-восточного Прикаспия: география, топография, домостроительство // Поволжская археология. 2022. №2 (40). 170 с.

Самашев З., Бурнашева Р.З., Базылхан Н., Плахов В.В. Сарайшық тиындары. Алматы: «Археология», 2006. 26–29 бб.

REFERENCES

Galkin, L. L., Kasenov, M. S., Afanasyev, V. K. 2013. *Srednevekovoe gorodische Aktobe-Laeti (XIII–XV gg.) (Medieval Settlement of Aktobe-Laeti (13th–15th centuries)).* Atyrau: Dosmukhamedov Atyrau University (in Russian).

Zilivinskaya, E. D. 2022. In: *Arkheologiia Evraziiskikh Stepei (Archaeology of the Eurasian Steppes)*, 3, 111–119 (in Russian).

Plakhov, V. V., Kalmenov, M. D., Abdigaliev, M. K. 2021. In: Onggaruly, A., Baitanayev, B. A., Mamirov, T. B. (eds.). *Margulanovskie chteniya–2021 (Margulan Readings – 2021).* In 3 vol. Vol. 2. Almaty: Margulan Institute of Archaeology, 108-119 (in Russian).

Sagidullaev, D. Z. 2022. In: *Povolzhskaya arheologiya (The Volga River Region archaeology)*, 2 (40), 159–174 (in Russian).

Samashev, Z., Burnasheva, R. Z., Bazylkhan, N., Plakhov, V. V. 2006. *Sarayshyk tiyndary (Saraishyk coins).* Almaty: “Archaeology” LLP (in Kazakh, Russian).

Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді. / Раскрытие информации о конфликте интересов. Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов. / Disclosure of conflict of interest information. The authors claim no conflict of interest.
Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.
Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 30.02.2023.
Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 30.03.2023.
Авторлар жұмысқа бірдей үлес қосты. / Авторы внесли равноценный вклад в работу. / The authors have made an equal contribution to the work.